

ӨМІР МҰРАТЫ

Әр адамның өмір жолы әр түрлі, тағдыр-талайы да қилы-қилы. Сол сияқты әркімнің алдына қойған өз мақсат-мұраты болады. «Бір адам – бір әлем» деген сөз содан қалса керек. Рас, адамдардың тағдырында, мақсатында ұқсастықтар болуы мүмкін. Бірақ, бір тағдыр екінші тағдырды толық қайталай алмайды. Алға қойған мұратыңыз да солай. Ойлап қарасақ қазақтың белгілі ғалым қызы, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, Нью-Йорк Академиясының (АҚШ) толық мүшесі және Құрметті докторы Күләш Айтмолдақызы Оразбекованың өмір жолында да ешкімге ұқсамайтын тағдырлы кезеңдер көп. Талдықорған облысындағы Ақсу аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген әкесі Айтмолда Оразбеков нағыз педагог болып туған азамат еді. Ол кісі алғаш ауыл мектебінде мұғалім болып істеді, мектеп директоры қызметін де атқарды. Бұл істі абыроймен орындап жүрген талапты да ынталы жасқа соғыстың алдында аудан басшылығы халық ағарту бөлімін басқаруды сеніп тапсырғанды. Жұбайы Мінура да мұғалім. Айтекең аудан басшыларының сенімін ақтап жаңа қызметін дөңгелетіп әкеткен. Ол бір өте қиын кездер еді. Аудан мектептері ескі-құсқы ғимараттарға орналасқан, материалдық база дейтін база да жоқ. Шомбал-шомбал тақтайлардан ілдалап жасай салған парталар мен столдар. Дәріс бөлмелері тар. Ал оқу құралдары мүлде жоқтың қасы. Оның үстіне қалам-қағаз да тапшы. Соған қарамай аудандық халық ағарту бөлімінің бастығы Айтмолда Оразбеков облысқа шауып жүріп қағаз-қалам, кітап-дәптер тауып келіп жүретін.

1941 жылғы 22 маусымда неміс-фашист басқыншылары Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасаған кезде Айтмолда қасына бір-екі инспекторын алып, жаңа оқу жылының қамымен аудан мектептерін аралап жүрген. Мектеп мұғалімдерін жинап алып алдағы оқу жылына дайындықтың барысын сөз етеді, тапсырма береді. «Үкіметтен қайран жоқ, көк тиын қаржы бөлінбеді. Сондықтан жөндеу жұмыстарын өз күштеріңізбен атқарыңыздар. Бірақ, жаңа

оқу жылына мектеп сақадай сай болсын!» дейді. Ауданға келген қалам-қағазды шашау шығармай қылдай етіп бөліп беретінін айтады.

Күтпеген жерден соғыс басталғанын Айтмолда аудан мектептерін қона жатып аралап жүрген кезінде естіді. Естісімен ауданға қайтты. Екі-үш күнде әскери комиссариаттан шақырту алып, әскер қатарына жүріп кетті. Бұл кезде кішкене нәрестесі Күләш бар болғаны сегіз айлық болатын. Соғысқа аттанарда:

« – Мінура, – деген Айтекең әйеліне қарап жұдырықтай Күләшін қолына алып, – мынадай алапат соғыстан аман-есен келемін бе, келмеймін бе, белгісіз. Мына Күләшімнің қандай азамат болып өскенін көремін бе, жоқ па, беймәлім. Бірақ алда-жалда олай-бұлай болып кетсем, Күләшті өз қатарынан қалдырмай оқыт. Біз сияқты мұғалім болсын. Бүгінде мұғалімнен асқан мәртебелі мамандық жоқ. Бұл – менің аманатым».

Майдан даласынан жазған хаттарында да Айтмолда Күләштің болашақта өзі сияқты мұғалім болуын қалайтынын Мінураның есіне салып жататын. Құрғыр жүрек бірдеңені сезді ме, алапат шайқастардың бірінде Айтмолда ерлікпен қаза тапты. Әкесінің бейнесін фотоальбомдағы суреттерінен көргені болмаса, Күләш әкенің аялы алақанын сезінбей өсті. Анасы Мінура сырлы сандықта сақтап келген әкесінің хаттарын оқып қана онымен іштей сырласқандай болатын. «Мінура, менің Күләшімді оқыт, жоғары білімді мұғалім болсын» деген әке аманатымен осы хаттар арқылы ерте танысып, ол жастайынан мұғалім болуды өмірлік мақсатына айналдырған.

1958 жылы орта мектепті бітірген Күләш аудандағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепке аға пионервожатый болып қызметке тұрып, келесі жылы Ақсу ауданындағы Пионерлер үйіне директор болып ауысқан. Күләш жұмыс істей жүріп жоғары оқу орнына түсуге де іштей дайындық жасап жүрді. 1960 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне оқуға түсті. 1964 жылы оқу

орнын бітірген соң Талдықорғандағы №1 мектеп-интернатта орыс тілі пәнінің мұғалімі болып жұмысқа тұрды.

Жүрек қалауымен алған мамандығы өзіне қатты ұнайтындықтан Күләш Айтмолдақызы аянбай еңбек етті. Қажымай-талмай ізденді. Аз уақытта атағы аспандап, сабақ берудегі жаңалықтары, әдістемелік әзірлемелері облыс бойынша таратылып жатты. Талантты жас мұғалімді 1969 жылы Талдықорған облыстық халық ағарту бөлімі мектеп инспекторы қызметіне шақырды. Одан соң арманшыл жас ғылым жолына түссем деген мақсатпен 1971 жылы Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы) аспирантурасына оқуға түсіп, Мәскеудегі КСРО Педагогика ғылымдары академиясының Жалпы және педагогикалық психология институтында 1976 жылы «Қазақ мектебінде орыс тілін меңгертудің психологиялық ерекшеліктері» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын да ойдағыдай қорғап шықты. Бұдан кейінгі еңбек жолы ғылыми-педагогикалық қызметпен тікелей байланысты болды.

Мен бұл кісіні сол кезден бастап біле бастадым. Ол тұста Педагогика ғылымдары институтының (директоры Роза Дүйсебайқызы Есенжолова еді) қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі бөлімінде кіші ғылыми қызметкер болатынын. Республикамыздың бұрынғы Оқу министрі белгілі педагог-ғалым Әбдіхамит Сембаев, айтулы әдіскер-әдебиетші, қаламгер-ғалым Төлеутай Ақшولاқов, қазақтың классик жазушысы Б.Майлинмен бірге 1930 жылдары оқулық жазған қазақтың алғашқы ағартушы-ғалымы Әміржан Сытдықов, оқулық авторлары Сәукім Тілешова, Әнеш Дайырова, Роза Құтхожина сынды аға ұрпақ өкілдерінің өнегесін көрдік, тәрбиесін алдық. Серғазы Қалиев, Қазына Аймағамбетова, Жәмила Намазбаева секілді т.б. осы күнгі айтулы педагог, психолог ғалым-профессорлар да сонда бірге қоян-қолтық араласа еңбек етті.

Сонан Күлекең Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары институтында Жасөспірімдер физиологиясы мен психологиясы

зертханасында ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі, Алматы шетел тілдері институтында аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтында психология кафедрасының аға оқытушысы, доцент, профессор қызметтерін атқарды. «Қазақтың ұлттық психологиясы және оның тарихи кезеңдердегі өкілдері» деген тақырыпта педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Ұзақ жылғы ғылыми-зерттеу еңбектері өзінің құндылығымен, жаңалықтарының сонылығымен Одақтық және Әлемдік ғалымдардың назарын аударды. 1994 жылы Күләш Айтмолдақызы Нью-Йорк Академиясының шақыруымен АҚШ-қа барды. Академия ғалымдары оның психология саласындағы ғылыми еңбектеріне ерекше назар аударып отыр екен. Нью-Йорк академиясы әлемге танымал Томас Джефферсон, Джон Джеймс Одобон сияқты атақты ғалымдардың және қырықтан аса Нобель сыйлығы лауреаттарының басын қосқан, сондай-ақ әлемнің 150 елінің көрнекті ғалымдары мен АҚШ-тың 50 штатының атақты оқымыстыларын біріктірген әйгілі ғылыми мекеме. Міне, сол Академия ғалымдары мен басшылығының ұсынысымен сол жылы Күләш Айтмолдақызы Оразбекова Нью-Йорк Академиясының толық мүшесі болып сайланды. Бұл Академия өз мүшелеріне көптеген артықшылықтар береді. Мұнда ғылыми жұмысқа өріс кеңейеді. Әлемнің бүкіл ғылыми жетістіктерін жинақтайтын FOCUS ақпарат орталығынан мәліметтер алуға, халықаралық ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға қатысуға, «Наука» журналын жаздырып алуға, онымен ынтымақтаса қызмет етуге кең мүмкіндік береді. Сондай-ақ Академия өз мүшелеріне бір-бірімен ғылыми байланыста жұмыс істеуге де жағдай жасайды.

Кейіннен ол 2014 жылы Францияда «Қазақ психологиясының дәстүрлі емшілік ерекшеліктері» деген тақырыпта психология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін қорғап шығып, отандық педагогика және психология ғылымдарының төрінен өз орнын алды.

Кезінде Күләштің ғылыми зерттеу жұмысы жайлы: «К.А.Оразбекова оқу бағдарламасын конструктивті түрде жүйелеу мен оқу үдерісін жіті бақылау әдістерін тыңғылықты да тиянақты меңгерген. Бұларға қоса ол тәжірибедегі өзекті мәселелерді шығармашылықпен шешудің жолдарын жете біледі. Оның ұйымдастырушылық жауапкершілігін және мол мүмкіндіктерін, қазақ мектебінің ерекшеліктерін жақсы білетін жоғары білікті маман екенін атап айтуға болады», – деп жазды орыстың белгілі психолог ғалымы, психология ғылымдарының докторы, профессор А.К.Маркова.

Күләш Айтмолдақызы 400-ден астам ғылыми еңбектің, бірнеше оқулық пен оқу құралдарының, монографиялардың авторы. Оның ғылыми зерттеулерінің ауқымы кең, соның ішінде ұлттық психология ғалымның негізгі зерттеу нысаны болып келеді. Күләш Айтмолдақызының айтуына қарағанда, кеңестік дәуірде қазақ халқының психологиясы, оның өзіне тән классикалық ерекшеліктері зерттеліп қарастырылмаған еді. Қазақтарға өз психологиясын білгізбей, орыс халқының өмірлік мысалдарымен дәріптелген Мәскеудің жалпы психологиясы аударма бойынша оқытылды. Бұл басқа ұлттарды тез орыстандырудың ең оңтайлы құралы болды. Сол себепті Одақ үкіметі мен ғылымы жергілікті ұлттардың жастарына тәлім-тәрбие беруде өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет ететін құлдық психологиядағы мамандар даярлауды мақсат тұтты. Сонымен бірге кеңес өкіметі үстемдік құрып тұрған кезде орыс тілінде жазылған оқулықтар қазақшаға аударылды, бұл аудармалар механикалық түрде жасалды. Ғылыми терминдердің үлгісі ретінде орыс терминдері, сөзжасамдары қолданылды. Мұндай жағдай психология ғылымы саласында да орын алды. Соның салдарынан біздің жастарымызда жаппай орыстық сана қалыптасты.

Ұлттық сана-сезімнің өсу үрдісі және соған сәйкес тіл мәдениетіне қойылатын талаптар күрделі де көп қырлы құбылыс екені белгілі. Егеменді ел болып отырған бүгінгі таңда біз әлемдік қоғамдастыққа еніп, оған ана тіліміз арқылы атсалудымыз қажет. Бұл дегеніміз – мүмкіндігінше өз дәстүрлерімізді, әлемдік тәжірибені, соның ішінде шығыстық үлгілерді пайдалану деген сөз.

Бұрын олар орыстық империялық саясаттың салдарына байланысты ескерілмей келді, әдейі шеттетілді.

Жоғарыда айтылғандай, кеңестік психология ілімінде ұлттық психология және адамның мінез-құлқын зерттеген ғылым өкілдері, сананың, түр, тұрпат, форма құрылымын зерттеген немістер, адам өмірінің әр қырын қарастырған Австрия ғалымдары туралы айтылмады. Тіпті Аристотельден кейінгі екінші ұстаз аталған ұлы ойшыл, ғұлама ғалым, еңбектері дүниежүзінің ондаған тілдеріне аударылған, шын мәніндегі психолог әл-Фараби мектебі түгіл, осы данамыздың аты да орыстық психология ғылымында аталмады. Мұның өзі біздің намысымызға тиіп, ұлттық психологиямызды зерделеп-зерттеуге итермелейтін құбылыс еді. «Сондықтан, – дейді профессор Күләш Айтмолдақызы Оразбекова осы орайда, – бүгін Қазақтың психологиялық мектебі туралы айтып, «ұлттық психологияның негізгі мақсаты не, оның негізін қалаушылар кімдер» деген сұраққа жауап іздейтін кез келді: өзге жұрттың тілін, халықтық қалпын біліп, оны өз жұртымның ерекшеліктерімен салыстырып, қазақ өмірінің өнегесі, туып-өскен ортасы, ата-анасы, ұлағатты ұстаздары, асыл мұраға бай халықтық тәрбиесі, бұлбұлдай шешен, суырып салма ақын, дүлдүл көсемдер, әділетті хандар, қазақ баласы сусындаған тұнық бастау туралы бүгінгі ұрпаққа айтып, саналарына сіңіру бүгінгі психолог ғалымдардың басты мақсаты».

Иә, шындығында да «Ұлттық психология» – адамның жан-дүниесінің нағыз білгір көрсеткіші, жан мен тән тазалығы, жақсылық пен мәдениеттің бастауы неде екенін үйрететін үлкен мектеп. Мұны профессор К.Оразбекова Қазақ КСР Оқу министрлігі 1988 жылы шығарған «Алты жасар балаларды оқытып-тәрбиелеудегі дидактикалық ойындардың рөлі», «Дидактикалық ойындар» (1990 ж.), «Мектеп» баспасынан шыққан «Қазақ мектебінде тілді үйрету психологиясы» (1983 ж.), «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Иман және инабат» (1993 ж.), «Жеке тұлғаның ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері» (2000ж.) сынды еңбектерінде жан-жақты саралайды.

Ал «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі – болашақтың бастауы» атты монографиясында профессор Күләш Айтмолдақызы Оразбекова ұлттық үлгідегі психология мен халық тәрбиесінің ғылым ретіндегі теориялық-әдіснамалық мәселелеріне, ұлттық психология мен ұлт тәрбиесінің қоғамдағы рөліне, адамның ерекшелігіне, жан құбылысы, ұлттық үлгідегі психология мен халық тәрбиесінің даму жолдарына жан-жақты тоқталады.

Сондай-ақ ғалым бұл еңбегінде адамның жан-дүниесі жөніндегі пайымдаулар мен ой-пікірлер Қазақстанда өте ерте кездерден бастау алып, XV-XIX ғасырлардағы қазақ ғұламаларының, ағартушыларының, демократтарының туындыларында онан әрі дамитынын тілге тиек етеді. Одан бұрынғы дәуірлерде ақын-жыраулардың өлең-толғауларында, билердің шешендік сөздері мен халықтық нақылдарда, ел намысын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғаған батырлардың отаншылдық істерінде адам жан-дүниесінің жұмбақтары терең ашылып, олардың болашақ ұрпаққа тағылым боларлық мол рухани қазынаға айналғаны осы еңбекте шынайы жүйеленеді. Қысқарта айтқанда, профессор К.А.Оразбекованың бұл еңбегі қазақтың ұлттық психология ғылымын қалыптастырудағы өлшеусіз еңбек болып есептеледі.

Әріптестері Күләш Айтмолдақызын ұлағатты ұстаз, үлкен ғалым ғана емес, ұлтын сүйетін ұлтжанды қайраткер ретінде де аса жоғары бағалайды. Оған ғалымның бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттары мен мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларындағы ұлттық құндылықтарымызға, ана тілімізге, халықтық ділімізге, ата дінімізге байланысты айтылған әділ де өткір сөздері, орынды ойлары мен ұсыныс-пікірлері, көтерген өзекті мәселелері дәлел.

Жетпіс бес жастың асқарына шығып отырған ғалым-ұстаздың көпжылдық еселі еңбегі мемлекетіміз тарапынан да жоғары бағаланып келеді. Ол «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілері мен «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Санкт-Петербургке – 300 жыл»

медальдарымен, II дәрежелі «Ұлы Екатерина» орденімен, Елбасы Н.Назарбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталған.

Ғалым-ұстаз Қайрат, Өнуарбек сынды ұлдарының ардақты анасы, Өлғалым, Айгерім, Данаел атты немерелерінің, Дана есімді шөбересінің асыл әжесі.

Ендеше, бүгінде 75 жылдық мерейтой иесінің алдағы уақытта да еліміздің білімі мен ғылымына қосар үлесі мол деп білеміз.

**Бақтияр Сманов,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
Халықаралық Айтматов академиясының академигі,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**